

«Бекітемін»

Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды университетінің

Басқарма Төрағасы-Ректоры

Н.О.Дулатбеков

2024 г.



Арнайы емтихан өткізу бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Арнайы емтиханды өткізуге арналған осы бағдарлама (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының тармақтарына сәйкес әзірленген арнайы емтихандарды өткізу тәртібін анықтайды.

2. Арнайы емтиханды өткізу үшін ЖОО-да емтихан комиссиясы құрылады.

3. Арнайы емтиханды өткізу түрі – педагогикалық жағдаятты шешу (шамамен педагогикалық жағдаяттар мысалдары қосымшада келтірілген).

4. «Педагогикалық жағдаяттарды шешу» арнайы емтихан жазбаша түрде өткізіледі.

5. Арнайы емтихан педагогикалық мамандыққа оқуға «жіберілді/жіберілмеді» шешімімен бағаланады.

2. Арнайы емтихан тапсыру нысаны

6. Емтихан педагогикалық жағдаятты шешу түрінде өткізіледі.

7. Педагогикалық жағдаяттарды шешу. Педагогикалық жағдаятты шешу кезінде талапкерге педагогикалық көзқарасты талап ететін факт, өмірлік тарих ұсынылады. Педагогикалық жағдаятты шешу ұзақтығы бір талапкерге 30 минуттан аспайды. Педагогикалық жағдаяттың шешімін жазған кезде сөздердің көлемі 80 сөзден кем болмауы керек.

Нәтижелерді бағалау кезінде қалыптасқан жағдайды шешудің ұсынылған тәсілінің сындарлылығы мен негізділігі ескерілетін болады; жағдайды және оның пайда болу себептерін жедел бағдарлай білу; әсер ету нәтижелерін болжай білу.

3. Арнайы емтиханды өткізу тәртібі

8. Талапкер 20 маусым мен 10 шілде аралығында (грант конкурсына қатысуға тіркеледі)

- 20 маусым мен 20 тамыз аралығында (ақылы бөлімге) арнайы емтихан тапсыру үшін talapker.buketov.edu.kz платформасында тіркеледі.

9. Арнайы емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

10. Емтихан жұмысын тексеруді тек пәндік комиссияның мүшелері жүргізеді.

11. Арнайы емтиханды өткізу қорытындысы жіберу ведомосымен, пән комиссиясының еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді.

12. Арнайы емтиханды тапсыру нәтижелері бойынша арнайы емтиханды тапсыру туралы хаттамадан үзінді көшірме жасалады, ол талапкердің жеке кабинетіне орналастырылады.

13. Арнайы емтиханды бағалау кезінде талаптардың сақталуын қамтамасыз

ету және даулы мәселелерді шешу, арнайы емтихан тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде жоо-да апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия арнайы емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен бекітіледі.

14. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнайы емтихан тапсырған адамның өзі береді. Өтініштер арнайы емтиханның нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады. Өтініштер талапкердің жеке кабинетінде беріледі.

15. Арнайы емтихан нәтижесімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға мен комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

Арнайы емтихан өткізу бойынша сұрақтардың үлгі тізбесі

Педагогикалық жағдаят №1

Мектептен қайтып келе жатып үнемі сабаққа келмейтін сыныптасыңыздың көлік жуып жүргенін көріп қалдыңыз.

Не істейсіз?

1. Ештеңе көрмегендей сыңай танытып өтіп кетесіз: бұған не істейсің өмір осылай!

2. Сыныптасыңызға жақындай келіп, көзіне тік қарап, сөйлемей бұрылып кетіп қаласыз.

3. Жедел түрде сынып жетекшісіне айтып, жағдайды талқылау.

4. Ұялы телефонға түсіріп алып, сыныптастарға көрсетесіз

5. Өз жауабыңыз.

Жауабыңызға түсініктеме беріңіз.

Педагогикалық жағдаят №2

Сіздің сыныбыңызда арнайы бағдарламамен оқитын мүмкіндігі шектеулі оқушы оқиды. Ал сыныптастары онымен сөйлеспек түгел оған мән де бермейді. Осы жағдаятқа қалай әсер етуге болады?. Бұл жағдайда қандай әрекет етер едіңіз?Өз іс-әрекетіңізді негіздеп беріңіз.

Педагогикалық жағдаят №3

Сыныпта оқушылар сенбілікке қатысқысы келмей: «Біз жұрттың қоқысын жинауға міндетті емеспіз», «Ол жер лас» - деп, балалар айқай салуда. Оқушылардың барлығын қалалық сенбілікке қатыстыру үшін мұғалім не істеу керек? Сіз не істер едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №4

Мұғалім жүйелі түрде жоғары сынып оқушысынан махаббат жайында хат алып отырады. Ол баланың ата-анасын шақыртып болған жағдайды айтып берді. Сіздің ойыңызша мұғалім осы жағдаятта қандай мінез көрсетуі керек деп ойлайсыз, негіздеңіз. Сіз сол мұғалімнің орнында болғанда не істер едіңіз?

Педагогикалық жағдаят №5

Оқушы мұғалімге: «Басқа балаларға қарағанда маған жақсы көзбен қарағаныңызды қалаймын, өйткені мен бәрінен де жақсы оқимын»- дейді. Мұғалім оқушыға таңқала қарап, ол үшін бәрі бірдей екендігін айтты.Сіз осы жағдаятты қалай шешетін едіңіз (не істер едіңіз? не айтар едіңіз? т.б) Оқушының мұндай өтінішіне мұғалім қалай жауап беруі керек?

Педагогикалық жағдаят №6

7-сынып оқушысы үнемі тәртіп бұзады. Мектеп әкішілігі мен сынып жетекшісі әңгімелескеннен кейін екінші рет қайталамауға уәде береді. Бірақ, есіктен шыға

бере баяғысын тағы бастайды. Мұғалім мұндай жағдайда не істеуі керек? Бұл жағдайға қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз? Өз әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Педагогикалық жағдаят №7

Әйгерімнің есте сақтау қабілеті өте жақсы дамыған, сондықтан ол кез келген мәтінді, әнді, ақпаратты оңай жаттап алады. Мереке кезінде ол тек өз рөлін ғана емес, басқа да балалардың рөлдеріндегі мәтіндерді жаттап алған. Сол мәтінді қайталап басқаларға өздерін көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайға қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз? Өз әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Педагогикалық жағдаят №8

Мынадай жағдайды елестетіңіз: Сіз азық-түлік дүкенінде кезекте тұрсыз. Сіздің алдыңызда жасы 6-7 жасар бала сауда жасап тұр. Сатушыға келіп саудадан артылған ақшаны (сдача) алды. Сатушының ақшаны дұрыс қайтармағанын сіз байқап қалдыңыз. Сіз бұл жағдаятқа қалай әсер ете аласыз? Мұндай жағдаятта сіз қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Педагогикалық жағдаят №9

Сіз қоғамдық көлікте келе жатып, қасыңызда отырған жолаушының сөмкесінен бір адамның әмиян алып жатқандығының уәсі болдыңыз. Сіз бұл жағдаятқа қалай әсер ете аласыз? Мұндай жағдаятта сіз қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Педагогикалық жағдаят №10

Сіздің сыныптастарыңыз жаңадан келген мұғалімнің сабағына саналы түрде кешігіп келді. Сыныптастарыңыз рұқсатсыз кіріп, мұғалімнің ашуына тимекші болды. Мұғалім сәл жымысып, өз орындарына отыруларына рұқсат етті. Оқушылар мұғалімнің мұндай әрекетінен сасып қалды. таң қалды.

Сіз бұл жағдаятқа қалай әсер ете аласыз? Мұндай жағдаятта сіз қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Педагогикалық жағдаят №11

Сіз тұрған үйде көрші болып бір-бірімен жақын дос ұл бала мен қыз тұрады. Олардың бір-біріне деген қамқорлығы, достығы айналадағы балалардың қалыңдық пен күйеу жігіт деп мазақтауына себеп болады. Сондықтан олар бір-бірінен алшақтай бастады. Мұндай жағдайда не істер едіңіз?

1. Ештеңе болмағандай кейіп танытасыз.
2. Ешкімге көңіл аудармауға кеңес бересіз.
3. «Мазақтаушылармен» сөйлесесіз.
4. Сіздің жауабыңыз.

Жауабыңызды түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №12

Кейбір ата-аналар брендтік киімдерге, балаларының сыртқы киіміне көп көңіл бөледі. Бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Мұндай ата-аналармен және балалармен қандайда бір жұмыс жүргізу қажет пе?

Өз жауабыңды түсіндір.

Педагогикалық жағдаят №13

Серуен кезінде құмда ойнап отырған балалар байқамай Азаматтың күртешесін бүлдіріп алды. Азаматтың қатты көңілі түсіп кетті. Ол балалар әдейі істеді деп ойлады. Ол ыңғайлы сәтін күтін отырып, балаларға ылғал құмды лақтырып жіберді. Нәтижесінде балалардың барлық киімдері лас болып қалды. Балалардың ызалылығында шек жоқ еді. Ал Азамат олардың кешірім сұрамағандығын алға тартты.

Бұл жағдаятқа қалай әсер стуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңді түсіндір.

Педагогикалық жағдаят №14

Сегізінші сыныпта оқитын қызға жазылған хат мұғалімнің қолына түседі. Ал ол: «Ромео болғаныңа!» деп, хаттағы грамматикалық қателерді жөндей бастайды. «Ромео» болса сыныптан атып шығып, үш күн бойы сабаққа келмейді. Кәсіби тұрғыдан педагогтың әрекетін бағалаңыз. Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар (не айтар) едіңіз? Неліктен?

Педагогикалық жағдаят №15

Мұғалім оқушының сабақ үстінде ұялы телефонды кітап астына тығып алып, біреумен хат жазысып отырғанын байқайды. Мұғалім ызаланып, телефонды жұлып алады да, оқушының ата-анасын мектепке келуін талап етеді. .

Осы жағдайдағы мұғалімнің мінез- құлығына талдап жасаңыз. Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз? Өз әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



А.Р. Барикова